創基141年 筑波大学40周年記念
40th anniversary of University of Tsukuba

国際学術会議　第10回

文明のクロスロード


― 言語・文化・社会の諸相 ―

10-шы өркениет жолы халықаралық

ҒЫЛЫМИ ЖИНАЛЫС:

ТІЛ, МӘДЕНИЕТ, ҚОҒАМ АСПЕКТІЛЕРІ

日時：2013年3月15日 - 16日
会場：カザフ国立大学（カザフスタン共和国アルマティ市）
主催：筑波大学，カザフ国立大学，筑波大学中央アジア事務所



10th International Conference on the

Crossroad of Civilizations:

Aspects of Language, Culture and Society

2.52 Шакиров К.Н.,
Казахстанско-японские отношения в свете внешнеполитических инициатив Н.Назарбаева (Краткий обзор) 342
2.53 Светлана Сылкина,
Динамика формирования и развития международно-правовых отношений Азии и Европы в области электроэнергетики 348
2.54 Азиз Якупов,
Инвестиционная политика Казахстана в контексте Центральноазиатской Стратегии ЕС 354
2.55 Абелдаев Ж.А.,
ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР 359
2.56 Актаулова Бақыт Жұмажанқызы,
Ресей империясының құрамындағы кезеңдегі Қазақстандағы ислам 364
2.57 Тенлик Далаева,
Казахские султаны в пространстве российской системы управления в XIX веке . . 370
2.58 Dameli Machshanova,
Some data about centers of plants'origin in Kazakhstan 374
2.59 Дина Есенжан,
Рационалистические взгляды Абая Кунанбаева 380
2.60 Надирова Г.Е., Ашинова Б.Д.,
Анализ промежуточных статистических данных и документов 385
2.61 Amangaliyeva Gaukhar, Rakhimbayeva Roza,
Quality of Life and Its Influence on Level of Poverty 389
2.62 Смағұлова Күлшат,
Шынжаңдағы конфессияаралық қатынастарды реттеудегі Қытай саясаты 394
2.63 Султангалиева Гульмира,
Казахские султаны –чиновники империи в контексте административной политики Российского государства (20-60-е годы XIXв.) 400
2.64 Удербаева Сауле Карибаевна,
Казахский чиновник ИшМухамед Суюк-оглы Абылайханов на службе Российской империи 405
2.65 Қайрат Жүніс,
Қазақстанның дүниежүзілік мұнай нарығындағы орны 409
2.66 Қайрат Жүніс, Зарина Буенбаева,
Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатындағы Түркия және ЕО 415

Шынжаңдағы конфессияаралық қатынастарды реттеудегі Қытай саясаты

Смағұлова Күлшат

(ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, ф.ғ.к., доцент)

Біз үшін Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданындағы діни жағдайды, оның әртүрлі тармақтарында оқып, танып білумен қатар саяси-тәжірибелік қызығушылықты тудырады. Өйткені Қытай өзінің қарқынды дамып келе жатқан сауда экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени және т.б. салалардағы Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстанмен қатынастарының шеңберіне ең алдымен ШҰАА-ның мүмкіндіктерін пайдаланады (шығыс және орталық, яғни өндіріс жағынан дамыған Қытай аудандарының географиялық жағынан алыстығы мен көлік жолдарының жеткілікті түрде дамымағандығы, осы аудандардың мүмкіндіктерін толық мөлшерде пайдалануға кедергі болып отыр). Алайда келешектегі ШҰАА-ның өнеркәсіптік, ғылым-техникалық, мәдени-тарихи және тағы басқа мүмкіндіктерін ұлғайту мен пайдалану процессі осы аудандағы әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты, бұл жағдай тарихи үнемі шиеленіскен және тұрақсыз болып, онда діни және діни-этникалық фактор тұрақты орын алып тұрды.

Тақырыптың теориялық негізін қалыптастыруда шетелдік, ресейлік және отандық зерттеулер соның ішінде, қытай зерттеушілері Ли Цзиньсинь, Чжоу Дэцин, У Жэньминь және Ю.В. Бромлей, В. Коротеева, М. Крюков сияқты ресейлік ғалымдардың еңбектері мен Қ.С. Сұлтанов, Қ. Тоқаев, Ғарифолла Есім, А. Қасабек, М.С. Орынбеков, Н. Байтенова, Н. Мұқаметханұлы, К.Л. Сыроежкин, С.М. Борбасов сияқты отандық ғалымдардың еңбектері маңызды рөл атқарды. Аталмыш тақырыпты жазу барысында бақылау, жүйелеу және талдау секілді ғылыми әдістер қолданылды. Тарихи-саяси талдау Қытай елінің, оның ішінде Шыңжаңның этникалық бейнесінің, этникалық топтардың азаматтық, діни және саяси-әлеуметтік құқықтарының қорғалуы мен даму ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Салыстырмалы әдіс жалпы Қытайдағы этникалық азшылықтар санын, жетпісінші жылдардың ортасына дейінгі халықтардың қоныстануларының теориялық мәселесін анықтау үшін пайдаланылды. Жүйелеу әдісі зерттеу тақырыбын бірлік пен біртұтастықта көрсету мүмкіндігін береді. Жекелеген пікірлер қойылған мәселелерді талдау теориялық-методологиялық жағынан қарастыру негізге алынды.

1949 жылы революция аяқталып, Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін дінге қатысты саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып дін ұстану еркіндігі қағидасы жарияланды. Ол 1954 жылы ҚХР Конституциясында бекітілді. Алайда іс жүзінде бұл қағиданың жүзеге асуы көптеген бұрмалаулармен қатар жүрді. Қытай Коммунистік

Партиясының саясаты кез-келген діни қызметті тоқтатуға және атеизмді насихаттауға бағытталды. Бұл шаралар Қытайдың әлеуметтік-экономикалық деңгейін де, басым көпшілігі діни догмалардың ықпалында қалған ұлттық азшылық шоғырланған аудандардағы халық санасының даму деңгейін де ескермеді. Бұл ең алдымен Қытайдың мұсылман халқына қатысты болды. Олар үшін ислам тек дін емес, өмір салты болып есептелінді.

70 жылдардың соңы мен 80 жылдардың басында ҚХР үкіметі мен ҚКП ОК дінге қатысты саясатын қайта қарастыруға мәжбүр болды. Қытай басшылығының жаңа әдістерін анықтаған алғашқы акт 1982 жылдың 31 наурызындағы «Қытайдағы социализм кезеңіндегі діни мәселелердің негізгі көзқарастары мен саясаты» жөніндегі құжат. Бұл құжатта «жаңа тарихи кезеңде дінге қатысты партия мен үкіметтің басты мақсаты – дін ұстану еркіндігі саясатын жүргізу, ұлттық діни орталардың патриоттық саяси одақтарын кеңейту мен нығайту, олардың әлеуметтік және патриоттық өзара байланыс тәжірибесін күшейту, ірі социалистік модернизацияланған держава құру мен гегемонизмге қарсы, бейбітшілік үшін отанның бірігуі жолындағы үлкен істі аяқтау үшін бірігіп күресу», - деп жазылған [1]. Сонымен қатар құжатта діни қызметтің тарихи жерлері мен дінге табынушылардың көп шоғырланған аудандарындағы табынушылық пайда болған орындарды қайта қалпына келтіру туралы кең ауқымды бағдарлама келтірілді. Және де өз еркімен діни қызметкер болуға тілек білдірген жас буын қатарынан табынушылық қызметкерлерін дайындау қажеттілігі туралы мәселе көтерілді. Бұл жағдайлар діни мәселеге тікелей қатысты құқықтық нормаларда бекітілді. ҚХР жаңа Конституциясының 36-шы бабы бойынша: «ҚХР-ның азаматтары дін ұстану еркіндігін иеленеді. Мемлекет діни қызметтің дұрыс жүргізілуін қадағалайды. Ешкім дінді қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың денсаулығына, мемлекеттің білім жүйесіне зиян келтіру мақсатында қолдана алмайды. Діни ұйымдар мен діни қызметтер шетел бақылауынан бос» [2].

Сөзсіз, ШҰАА өкіметінің дінге қатысты саясатындағы маңызды түзетулер автономиялы ауданның өзінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл елдегі және әлемдегі болып жатқан саяси өзгерістерге байланысты еді. Әрине, бүкіл ШҰАА басшылығының автономиялы ауданның жағдайына қатысты «жағдайды тұрақтандырудың» өз жоспарлары жасалып, шыңдалады. Оның үстіне осы бағыттағы басты ұйғарымдар орталық органдармен арнайы кеңестер мен директивті материалдарда анықталып қойған еді. Әсіресе ҚХР Мемлекеттік кеңесінің «№ 62 құжатында» (1989 ж. қыркүйек), Тибет мәселелері бойынша кеңестерде (1989 ж. қазан), Шекаралық ұлттық аудандардағы жағдайды әрі қарай тұрақтандыру міндеттері бойынша (1990 ж. наурыз), Ұлт істері бойынша комитеттердің төрағалардың жиналыстарында (1990 ж. ақпан) және т.б. Шекаралық аудандарда ішкі және сыртқы сепаратистердің зиянкестік әрекеттеріне қатаң шек қою, сырқы қастық күштердің әрекеттеріне деген сақтықты күшейту, соңғы жылдары едәуір әлсіреген идеологиялық жұмысты күшейтуге ерекше көңіл бөлінуі